

"Казвоентехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 20 қазан N 1356. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.08.19. N 789 қаулысымен. ~P980789

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 U952335_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жанындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бас сауда басқармасының базасында қару-жарақтар мен оларға оқ-дәрілерді, әскери техника мен технологияларды, қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдар мен приборларды сатып алу және сату, ғарыштық сынақтарды, сондай-ақ әскери текті қара, түсті металдар мен материалдарды жинау мен сатуды ұйымдастыру, әскери мақсаттағы өнімдермен экспорттық-импорттық операциялар жүргізу үшін шаруашылық жүргізу құқығымен "Казвоентехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылсын.

2. "Казвоентехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына осы қаулының бірінші тармағында көрсетілген өнімдермен экспорттық-импорттық операциялар жүргізу құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "Казвоентехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысын бір ай мерзімде бекітіп, оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің органдарында тіркесін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Казвоентехимпекс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғы қорын құрсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі